

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Қызылсу ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 10,4 км жердегі № 1, № 2 Қызылсу бұлақтарының, № 1, № 2 атауы жоқ бұлақтардың және № 1, № 2 бастаулардың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 69 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 наурызда № 8448 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Қызылсу ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 10,4 км жердегі № 1, № 2 Қызылсу бұлақтарының, № 1, № 2 атауы жоқ бұлақтардың және № 1, № 2 бастаулардың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Қызылсу ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 10,4 км жердегі № 1, № 2 Қызылсу бұлақтарының, № 1, № 2 атауы жоқ бұлақтардың және № 1, № 2 бастаулардың су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының

әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ергіс бассейндік

инспекциясының басшысының міндетін атқарушы

М. Иманжанов

2021 жылғы "___" _____

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2021 жылғы 10 наурыздағы

№ 69 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы сұралып отырған жер учаскесінің тұстамасындағы Қызылсу ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 10,4 км жердегі № 1, № 2 Қызылсу бұлақтарының, № 1, № 2 атауы жоқ бұлақтардың және № 1, № 2 бастаулардың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
№ 1 Қызылсу бұлағы, оң жақ жағалау	0,697	20,8	500	0,2494	1,8	100
№ 2 Қызылсу бұлағы, оң жақ жағалау	1,1464	32,2	370-500	0,4803	4,0	100
№ 2 Қызылсу бұлағы, сол жақ жағалау	1,0563	34,5	500	0,4804	4,0	100
атауы жоқ № 1 бұлақ, сол жақ жағалау (жоба бойынша)	0,7202	40,8	500	0,8787	9,0	100
атауы жоқ № 1 бұлақ, сол жақ жағалау (бұрын белгіленген)	-	6,2	500	0,2325	2,4	100

атауы жоқ № 1 бұлақ, сол жақ жағалау	1,1787	34,7	395- 500	0,4895	4,0	100
атауы жоқ № 2 бұлақ, оң жақ жағалау	1	32,8	500	0,4505	3,8	100
№1 бұлақ	0,5719	14,3	500	0,1143	0,6	100
№2 бұлақ	0,54	13,3	500	0,108	0,5	100

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК